ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 шілде № 4360-23-00-2/1370 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Сатаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Дамир Еркенович Сатаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Сатаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Дамир Еркенович Сатаевқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Сатаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Дамир Еркенович Сатаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Сатаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Дамир Еркенович Сатаевтан мемлекет кірісіне 3 902 (үш мың тоғыз жүз екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 842 (бір мың сегіз жүз қырық екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тартібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «01» қыркүйек 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы